

**8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау»  
бағыты 6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін ұсынылған «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа  
Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбындағы Таракчы Вахдеттің  
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша  
пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	рецензенттің ұстанымы Ресми
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы мемлекеттік құқықтық-реттеушілік құжаттарға, тарих, педагогика саласындағы іргелі ғылыми еңбектерге талдау барысында тарихи тұлғатанудың педагогикалық әлеуетін тарихшы мамандардың кәсіптік біліктілігін қалыптастыруда қолданудың ғылыми-теориялық негіздерін жетілдіру қажеттігін көрсеткен. Тақырыптың өзектілігі келесідей құжаттарда көрініс тапқан:</p> <p>ҚР президентінің Қазақстан халқына жолдаулары, мемлекеттің білім саясатында білім беру үдерісіне белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім бағдарламасын, еңбек тәжірибесін қалыптастыруға жаңа идеяларды қолданысқа енгізуге мүмкіндік берді.</p> <p>ҚР 2025 жылға дейінгі "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасында мамандар даярлау және кәсіптік білім беруде педагогикалық құралдар кешенінің көмегімен педагог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету, олардың кәсіби білім беру жүйесінде бәсекеге қабілеттілігін арттыру, әлемдік білім беру бағдарламаларына қатысу үшін олардың кәсіби ұтқырлығын дамыту, тағылымдамадан өту, курстық оқытуды ұйымдастыру, сондай-ақ оқу-әдістемелік әзірлемелер мен құралдарды дайындау ұсынылған. Докторанттың ізденістері осы талаптармен байланысқан.</p> <p>Тәуелсіздік жылдары Мұстафа Шоқай жайлы зерттеулер мен ғылыми айналымға ұсынылған деректер кешенін негізге алған докторанттың ұлттық сана қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаға сай жас ұрпақтың тәрбиесі мен тәліміне қолдануға жасаған ұмтылысы бүгінгі білім саясатындағы өзекті мәселелерінің бірі.</p> <p>Бес түркі мемлекетінің тәуелсіздігін жариялауы М.Шоқай және басқа да түркі саяси қайраткерлерінің негіздеген идеясының нақты тәжірибеге айналуы түркі</p>

			<p>елдерінің саяси-мәдени ынтымақтастығын кеңейтуде оған деген қызығушылық тудырып отыр.</p> <p>Рухани жаңғыру міндеттерін іске асыруда М.Шоқайдың мәдени және саяси құндылығына айналған мұрасы мен өнегесінің педагогикалық әлеуетін пайдалану тақырыптың білім бағытындағы өзектілігін танытады.</p> <p>Жоғарыда айтылғандай тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасына және білім берудің заңнамалық құжаттарына сәйкес айқындалған міндеттер мен бағыттар «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» атты зерттеу тақырыбының өзектілігі мен өміршендігін айқындайды. Осыған байланысты Таракчы Вахдеттің диссертациялық зерттеуі тарих ғылымын дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға толығымен сәйкес келеді.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p><u>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы», гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, сонымен бірге «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамаларымен» байланысады. Осы мемлекеттік бағдарламалар аясында «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбында орындалған.</p> <p>Зерттеу жұмысын жүзеге асыру жылдары 2014-2021жж.</p>
2.	Ғылымға	Жұмыс ғылымға	Диссертациялық зерттеуде қол жеткен

	маңыздылығы	елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	<p>ғылыми-практикалық жетістіктер тарих және педагогика ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосады, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түскен.</p> <p>Докторанттың ғылымға қосқан үлесі мыналармен айқындалады:</p> <p>Біріншіден: тарихи тұлғатану бағытында мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасын жүйелей алған;</p> <p>Екіншіден: М.Шоқайдың эмиграциядағы күрескерлік, шығармашылық қызметінің тарихы ғылыми қалпына келтірілген;</p> <p>Үшіншіден: М.Шоқай шығармашылық мұрасы мен күрескерлік өнегесінің педагогикалық әлеуетін білім беру бағдарламаларында қолданудың тиімділігі дәлелденген;</p> <p>Төртіншіден: М.Шоқай өнегесін «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінде оқытудың педагогикалық зерттеу нәтижелерінің эксперимент арқылы сыннан өткен;</p> <p>Бесіншіден: «Мұстафа Шоқай және Тұтас Түркістан идеясының тарихы» атты таңдау курсының оқу-әдістемелік кешенін жасап, әдістемелік ұсыныстар дайындаған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Докторант Таракчы Вахдет диссертациялық жұмысты өзі орындаған. Автор диссертациялық зерттеуінде тақырып бойынша ғылыми мәлімет беруді мақсат еткен. Талданған дереккөздері дербес, танымға оңай, мағыналық құрылымы сақталып, ой-пікірлердің тұжырымдалуы үйлесуі автордың диссертация жазудағы ғылыми стилінің жоғары деңгейін танытады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі тақырыптың зерттелу деңгейіне сараптама жасау арқылы негізделген. Тарихи тұлғатануда М.Шоқайдың қайраткерлік және шығармашылық өнегесінің педагогикалық әлеуетін оқтанымдық үдерісте қолданудың қажеттілігі мен мақсат мүддесі білім бағытындағы тарихшы мамандар дайындаудың өзектілігі тұрғысында негізделген.</p> <p>Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың өзектілігі мен теориялық-методологиялық зерттеулердің болуына қарамастан, бұл проблема ЖОО-дар тарихшы мамандар дайындауда педагогикалық-</p>

		әдістемелік жағынан жеткілікті терең қарастырылмай келеді. Осындай қайшылықтардың шешімін табу түрінде ғылыми зерттеудің өзектілігі негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны тақырыпқа толық сай келеді. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 2 параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша тақырыпты айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты - Рухани жаңғыру барысында Мұстафа Шоқайдың саяси және азаматтық өнегесін жоғары оқу орындарында тарих мамандығының кәсіби пәндері мазмұнына енгізу арқылы тарихи сана қалыптастырудың әдістемесін ұсыну болып белгіленген. Бұл мақсатты іске асыруға байланысты мынадай міндеттер белгіленген: Мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасын жүйелеу; М.Шоқай шығармашылығын білім бағдарламасы мазмұнына ұсыну; қайраткердің эмиграциялық қызметінің тарихын, саяси күресі мен азаматтық ұстанымдарының өнегесін тарихи сана қалыптастыруда қолданудың әдістемесін жасау; «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты таңдау пәнінің оқу бағдарламасын дайындау арқылы қайраткер өнегесінің педагогикалық әлеуетін оқыту үдерісінде қолдану. М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын оқыту формалары мен әдіс-тәсілдерін дамыту, ұсыныстар дайындау. Зерттеу міндеттері жұмыстың мақсатын нақтылап, ЖОО кәсіптік оқытуды жетілдіруге байланысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстары тәжірибелік-эксперимент жүзінде сынақтан өткізілген.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен қисындық байланысты, оларда сабақтастық сақталған. Қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі қисындық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелерінің

		<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>тұжырымы тұтас, жасаған қорытындылары да қисындық бірлікте. Қол жеткізген зерттеу нәтижелері ғылыми болжамының дұрыстығын дәлелдейді, зерттеу мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу барысында «Мұстафа Шоқай – Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы» тұжырымы сыни талданып, осы кезге дейінгі көзқарастарға жаңа баға берілген. Ал «М.Шоқай шығармалары Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының дереккөзі және тағлымдық өнегесі», «М.Шоқай қайраткерлігі мен шығармашылығы өнегесінің педагогикалық әлеуеті» деген тұжырымдары алғаш рет айналымға ұысынылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант Таракчы Вахдеттің диссертациялық жұмысындағы қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа.</p> <p>Бірінші ғылыми нәтижеге жетуде докторант Отандық және шетелдік тарихи тұлғатануға қатысты методологиялық іргелі зерттеулерді саралап, К.Есмағамбетов бастама жасаған мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасын жүйелегендіктен де толығымен жаңа.</p> <p>Екінші жаңалығы М.Шоқайдың эмиграциялық жағдайдағы қайраткерлік және шығармашылық қызметі тарихы ғылыми қалпына келтіруде түркиялық деректерге басымдық бере зерттеуі, сонымен бірге оның түркілік бірлік жолындағы саяси күресі мен азаматтық ұстанымдарының өнегесін жіктеуі алғаш рет орындалғандықтан толығымен жаңа деп бағаланады.</p> <p>Үшінші жаңалығы М.Шоқай шығармашылық мұрасын Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының дереккөзі ретінде талдауы мен ұлттық тарихи сана және елжандылық рух қалыптастырудағы педагогикалық әлеуетін білім беру бағдарламаларында қолданудың қажеттігін айқындауы да толығымен жаңа.</p> <p>Төртінші жаңалығы зерттеу нәтижелерін «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің</p>

			<p>мазмұнында оқытуда қолдануға байланысты педагогикалық эксперимент арқылы сыннан өткізуі де толығымен жаңа.</p> <p>Бесіншіден, зерттеу нәтижелері бойынша «Мұстафа Шоқай және Тұтас Түркістан идеясының тарихы» атты таңдау курсының оқу-әдістемелік кешенін дайындауы зерттеудің білім бағытында толығымен жаңалық болып саналады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Таракчы Вахдеттің диссертациялық жұмысы бойынша жасаған қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденген, педагогикалық эксперименттің жүйелі жоспарлануымен толық жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп мыналарды айтамыз:</p> <p>Бірінші қорытынды бойынша болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлап, оқытуда ұлттық рух пен тарихи сананы қалыптастыруға М.Шоқай өнегесінің педагогикалық әлеуетін пайдалану туралы тұжырымы толығымен жаңа.</p> <p>Екінші қорытынды болашақ тарих пәні мұғалімдерінің тұлғасын қалыптастыруға және пәнге деген қызығушылығын арттыратындығы жөніндегі қорытынды жаңа болып саналады.</p> <p>Үшінші қорытынды тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін тарих пәндерінде оқыту тарихи танымның ұлттық бағытта дамуына оң ықпал етеді деген тұжырым да толығымен жаңа.</p> <p>Төртінші қорытынды ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Мұстафа Шоқайдың өмірі, шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметін оқыту қоғамның ұлттық құндылықтар мен ұлттық кодты нығайтады деген тұжырымы да толығымен жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып</p>	<p>Докторант ұсынған тарихшы мамандардың тарихи санасын қалыптастыруды жетілдіру, олардың кәсіби біліктілігін арттырудың ғылыми-теориялық негізделуі жаңа және ғылыми негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмысты орындау барысында қол жеткен тұжырымдар, дайындалған оқу-әдістемелік кешен ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінен және ғылыми жарияланымдарымен негізделген.</p>

		табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Зерттеу жүргізу барысында жасалған тұжырымдар мен қорытындылар жоғары білім беру жүйесінде білім алушылардың тарих санасын қалыптастыру мен кәсіби біліктілігін арттыруда таңдау пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіруде қолданатын теориялық-әдістемелік құнды материал болып табылады.</p> <p>Соған байланысты М.Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін «Қазақстан тарихы», «Әлемдік қайраткерлер: өмірі мен саяси қызметі», «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» және т.б. пәндер мазмұнында кеңінен пайдаланып, университет пен колледждердің білім бағдарламаларына тәуелсіздік және түркілік бірлік идеясының тарихын таңдау пәні ретінде енгізу жайлы қорытындысы республикалық ауқымды қамтиды.</p> <p>Ал түрік мемлекеттері ЖОО арасындағы студент және оқытушылар алмасу академиялық бағдарламаларына (Эразмус, Орхон) түркілік бірлік тұжырымын орнықтыру мақсатында М.Шоқай шығармашылығы мен тұлғалық өнегесіне арналған пән енгізу, түрік мемлекеттерінің ортақ мәдени ұйымдары, ТүркСОЙ, ТүркПА, ТЫМК мемлекетаралық ұйымдарының шараларында М.Шоқай идеяларын насихаттау жайлы қорытындысы дәлелденге және барынша ауқымды мәнге ие болған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p>	<p>Докторант Таракчы Вахдеттің диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған бес қағидатты айтуға болады:</p> <p>1) Мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасы түркі мемлекеттеріндегі тарихи тұлғатанудың теориялық-әдіснамалық негіздерін байытатын болады деген қағидаттың қолданылу ауқымы кең, жаңа және мына жарияланымдарында дәлелденді:</p> <p>а) М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын тарихи сана қалыптастыруда қолдану әдістемесі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №5 (2) 2019. (123-127 бб)</p> <p>ә) Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының әдіснамасы мәселелері //«Түркістан Мұхтарияты мен Алаш Орда автономияларының 100 жылдығына арналған «Өзбекәлі Жәнібек оқулары» атты VIII</p>

		<p>2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Түркістан, 2017. (37-41 бб) б) Алаш қозғалысының тарих түзушілік миссиясындағы Мұстафа Шоқай // Алаш ұлттық-демократиялық парламентік республикасының 100 жылдығына арналған «Алаш автономиясы – ұлттық тәуелсіздіктің негізі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Түркістан 2017 жыл. (175-180 бб.) 2) М.Шоқайды тұлғаландыруда қолданған биографиялық тәсіл ғылыми қалпына келтіруге мүмкіндігі, қайраткердің түркілік бірлік жолындағы күресі мен саяси ұстанымдарының өнегесін тарихи таным үдерісіне енгізуге жол ашады деген қағидат жаңа, қолданылу ауқымы кең екендігі мына жарияланымдарында дәлелденген: а) Шоқайтану ғылыми бағытының тарихнамасы //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы №2 (53) 2017 206-210 ә) Современные проблемы и методы изучения личности (на материале казахстанских исследований) // Мир науки, культуры, образования. №1 (86) 2021. (16-18 сс) 3) Мұстафа Шоқай шығармашылық мұрасын Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының дереккөзі ретінде қолдану қайраткердің тұлғалық өнегесін жастардың бойында ұлттық тарихи сана және елжандылық рух қалыптастырудың тиімділігін арттырады деген қағидаттың жаңалығы, тривиалды еместігі және қолданылу ауқымы кең екендігін мына жарияланымдарында дәлелденген: а) Мұстафа Шоқайдың толық шығармалар жинағы – аса құнды тарихи дереккөз // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №2 (53) 2017 206-210 ә) Мұстафа Шоқайдың эмиграцияға кетуінің тарихы //Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы» «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы №3 (54) 2017 230-233 б) Воспоминания Мустафы Шокая – источник по истории Туркестанской автономии // Узбек миллий давлатчилиги тарихида Туркистон мухтарияти. Конференция материаллари топлами / -Тошкент: Тошкент ислом университети, 2017 -200 б. (193-198</p>
--	--	---	--



			<p>бб)</p> <p>4) Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің тарихы мен шығармашылығын «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің мазмұнында оқыту болашақ тарих мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етіп, шығармашылық және интеллектуалдық дағдыларды жетілдіруіне жағдай жасайды деген қағидатта жаңа, қолдану ауқымы кең, тривиалды еместігі докторанттың үш жарияланымында дәлелденген.</p> <p>а) Мұстафа Шоқайдың шығармашылығындағы педагогикалық көзқарастар // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №5 (49) 2017. 85-87 бб.</p> <p>ә) Қазақ-түрік мәдени байланыстарындағы Шәкәрім Құдайбердіұлы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, Тарих сериясы. №2 (85), 2017. 56-64 бб.</p> <p>в) Мұстафа Шоқай - лидер туркестанской этноэлиты //М.В.Ломоносов атындағы Халықаралық конф. МГУ, РФ 2015 (114-117 сс)</p> <p>г) Мұстафа Шоқай Сырдария облысы казактарының съезіне неге қатыса алмады? // Сырдария облысы казактары съезінің 100 жылдығына арналған «Ұлттық тұтастықты ту еткен съезд» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Түркістан 10 қаңтар 2018 жыл. 25-30 бб.</p> <p>5) Болашақ тарих мұғалімдеріне ұсынылатын «Мұстафа Шоқай және Тұтас Түркістан идеясының тарихы» атты таңдау курсының оқытудың әдістемелік жүйесі түркілік бірлік идеясын тарихи танымға орнықтыруға мүмкіндік береді деген қағидат тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Бұл сегіз мақала мазмұнындағы жарияланыммен дәлелденеді:</p> <p>Ұсынған анықтамалары докторанттың бес мақаласында дәлелденген:</p> <p>а) Мұстафа Шоқай және Түркістандағы этносаяси процестер //М.Шоқайдың 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Қорқыт ата атындағы Қызылорда МУ. 15 қазан 2015 ж. 78-85 бб</p> <p>ә) Mustafa Shokai is an ideologist of the Turkestan national movement // Man In India, 97 (20) : 61-74</p>
--	--	--	--

			<p>б) Mustafa Gokay ve «Akjol» Gazetesi // MATERIALS of the II International scientific-practical conference «THE EUROPE AND THE TURKIC WORD: SCINCE, ENGINERING AND TECNOLOGY» May 29-31, 2017, Izmir, Turkey s.148-152</p> <p>в) Мұстафа Шоқай шығармашылығындағы түркілік бірлік идеясының мәні // «Рухани жаңғыру: Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жинағы. Қызылорда, 2018. (328-33466)</p> <p>г) Рухани жаңғырудағы Мұстафа Шоқай өнегесі //»QAZAQTANY» республикалық ғылыми журнал. №1 2019. Шымкент. (32-3766)</p> <p>д) Мұстафа Шоқай шығармаларындағы Түркістан қозғалысының тарихы //«Мұстафа Шоқай – түркі халықтарының азаттығы мен бірлігі жолындағы қозғалыстың көшбасшысы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 2000 ж. Қызылорда (77-8366.)</p> <p>е) Әлихан Бөкейхан және Түркістан мәселелері //«Ә.Бөкейхан және Қазақстандағы ұлт-азаттық мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 4 қараша 2016 жыл. (43-449 бб.)</p> <p>ж) «Подданные Австро-Венгрии в Западной Сибири и Туркестане в начале XX века (1900–1917 гг.)» //Международный исторический журнал «Русин». 2021. № 64</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми</p>	<p>Докторант Таракчы Вахдеттің диссертациялық жұмысында әдіснамалық аппарат тарихнамалық, деректанулық дәйектілік принципіне негізделген. Докторант диссертациялық жұмыстың әдіснамалық, әдістемелік негіздерін қалыптастыруда тарих, педагогика теориялары мен практикасының бірлігін, мазмұндық және әрекеттік тұтастығын сақтауды, ғылымилық, қолжетімділік сияқты ұстанымдарды басшылыққа алған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста зерттеу пәні ретінде кәсіби пәндердің мазмұнында түркілік бірлік идеясы мен Мұстафа Шоқайдың саяси және азаматтық өнегесі арқылы тарихи сана қалыптастыру, кәсіби пәндерді оқытудың әдістемесі дамыту алынған. Болашақ педагогтарының кәсіби</p>


		<p>зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>құзыреті мен біліктілігін қалыптастыруда оқытудың қазіргі заманғы және белсенді әдістері, зерттеу жұмыстарында тарих әдіснамасы, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау, жинақтау, дерексіздендіру және қорыту әдістері пайдаланылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста ішінара компьютерлік технологиялар қолданылған, М.Шоқай шығармаларын өңдеуде интерпретациялау әдістері қолданылған, жұмыстың мақсаты мен міндеттері толық орындалған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>Таракчы Вахдеттің «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жүргізілген педагогикалық экспериментке жалпы саны – 102 студент қатысқан, нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>ҚР нормативтік - құқықтық құжаттарына, тарих және педагогикалық іргелі монғрографияларға, шетелдік және отандық авторлардың әдебиеттеріне, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, архив құжаттарына, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтары материалдарының сілтемелерімен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Диссертациялық зерттеуде отандық және шетелдік авторлардың 188 әдебиеттер мен дереккөздерін шолу жасалған. Ол дереккөздерінен алынған ақпарат зерттеу міндеттерін жоспарлау және мәліметтерді талдау мен жүйелеуде пайдаланылған.</p>
9	Практикалық	9.1 Диссертацияның	Зерттеудің теориялық маңыздылығы бар.

	құндылық принципі	теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Атап айтқанда: 1) тарихи тұлғатанудың мұстафатану бағытының әдіснамалық-теориялық негіздері айқындалған; 2) тарихи тұлғаның қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық өнегесінің педагогикалық әлеуетін айқындаудың әдістемесі негізделген; 3) тарихи тұлғаның шығармашылығын тұтас тарихи құбылыстың дереккөзі ретінде қолдануға байланысты жасалған әдіснамалық тұжырымдардың теориялық маңызы жоғары; 4) түркі мемлекеттерінің саяси-мәдени ынтымақтастығына қызмет ететін М.Шоқайдың түркілік бірлік концепциясының негізделуі халықаралық мәнге ие теориялық маңыз бар.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Зерттеудің практикалық маңыздылығы жоғары. Болашақ тарих мұғалімдеріне арнап түркілік бірлік идеясын тарихи танымға орнықтыруға мүмкіндік беретін «Мұстафа Шоқай және Тұтас Түркістан идеясының тарихы» атты таңдау курсының оқытудың әдістемелік жүйесінің практикалық маңызы бар. Диссертацияда қол жеткен нәтижелерді шетелдік (Түркия Республикасы) ЖОО-ның оқу үдерісінде, түркі мемлекеттерін халықаралық ұйымдарының саяси-мәдени форумдарында, симпозиумдарында қолдануға болады.	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Тәжірибе ұсыныстары жаңа болып табылады: 1) Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін «Қазақстан тарихы», «Әлемдік қайраткерлер: өмірі мен саяси қызметі», «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» және т.б. пәндер мазмұнында кеңінен пайдалану туралы ұсынысы жаңа; 2) оқу орындарының білім бағдарламаларына М.Шоқайдың тәуелсіздік және түркілік бірлік идеясының тарихын енгізу, оқу жұмыстарында және тәрбиелік іс-шараларда, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында кеңінен пайдалану жайлы ұсынысы да жаңа; 3) Түрік мемлекеттерінің жоғары оқу орындары арасындағы студенттер мен оқытушылар алмасудың Эразмус, Орхон сияқты академиялық бағдарламаларына түркілік бірлік тұжырымын орнықтыратын	

			<p>М.Шоқай шығармашылығы мен тұлғалық өнегесіне арналған пән енгізу ұсынысы да жана.</p> <p>4) Түрік мемлекеттерінің мемлекетаралық ұйымдарының (ТүркСОЙ, ТүркПА, ТЫМК) шараларында М.Шоқайдың идеяларын насихаттауды ұсынуы толығымен жаңа.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдық категориялар жүйесі жеткілікті жазылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>

**Шешім:** 8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша Таракчы Вахдетке философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті кәсіптік білім беру кафедрасының профессоры, п.ғ.д.

 Ибраева К.Ж.

